**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі**
**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті**

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарманың шешімімен
Хаттама №8 «24» 05 2024 ж.
_______________ проф. Н.О. Дулатбеков

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
Хаттама №5 «21» 06 2024 ж.

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**8D04103 – Тұрақты қаржы**

**Деңгейі: Докторантура**

Қарағанды қ.
2024

**КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ «8D04103- Тұрақты қаржы»**

| | |
|---|---|
| «КЕЛІСІЛДІ» | «КЕЛІСІЛДІ» |
| «Банк ЦентрКредит» АҚ Қарағанды қ. филиалының шағын және орта бизнес жөніндегі директор орынбасары | ЖШС «Exim Artis» компаниялар тобының Басқарма төрағасының орынбасары |
| ____________________Р.К. Дюсенов | ____________________Ж.Н. Кенжебаев |
| 20 24 ж. « 08 » 04 __________ | 20 24 ж. « 08 » 04 __________ |

«8D04103 - Тұрақты қаржы» бойынша білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (2023 жылдың 3 наурыздағы өзгерістер және толықтыруларымен).
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді.
- Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 мамырда № 6976 тіркелді (2023 жылдың 5 сәуірдегі өзгерістер және толықтыруларымен).
- Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.06.2020 № 234 бұйрығымен жаңа редакцияда)

**Мазмұны**


| № | **Білім беру бағдарламасының төлқұжаты** | Страницы |
|---|---|---|
| 1 | Білім беру бағдарламасының коды және атауы | 5 |
| 2 | Білім беру саласының коды және жіктелуі | 5 |
| 3 | Білім беру бағдарламасының тобы | 5 |
| 4 | Кредиттер көлемі | 5 |
| 5 | Оқу түрі | 5 |
| 6 | Оқу тілі | 5 |
| 7 | Берілетін академиялық дәреже | 5 |
| 8 | Білім беру бағдарламасының түрі | 5 |
| 9 | БЖХС бойынша деңгей | 5 |
| 10 | ҰБШ бойынша деңгей | 5 |
| 11 | СБШ бойынша деңгей | 5 |
| 12 | Білім беру бағдарламасының ерекшелігі | 5 |
| | ЖОО партнер (серіктес) | 5 |
| | ЖОО партнер (серіктес) | 5 |
| 13 | Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі | 5 |
| 14 | Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі | 5 |
| 15 | Білім беру бағдарламасының мақсаты | 5 |
| 16 | Білім беру бағдарламасы бойынша докторантура түлегінің біліктілік сипаттамасы | 5 |
| а) | Біліктілік пен лауазымдар тізбесі | 5 |
| ә) | Кәсіби қызмет саласы мен объектілері | 5 |
| б) | Кәсіби қызмет түрлері | 6 |
| в) | Кәсіби қызметінің функциялары | 6 |
| 17 | Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау | 7 |
| 18 | Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау | 8 |
| 19 | Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы | 9 |
| 20 | Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау | 11 |
| 21 | Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері | 12 |
| 22 | Түлек атрибуттары | 14 |
| 23 | Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі | 14 |

## Білім беру бағдарламасының паспорты

**1.Білім беру бағдарламасының коды және атауы:** «8D04103-Тұрақты қаржы»

**2.Білім беру саласының коды және жіктелуі:** 04.Бизнесті басқару және құқық, 8D041-Бизнес және басқару

**3.Білім беру бағдарламаларының тобы:** D074 «Қаржы, банк және сақтандыру ісі»

**4.Кредиттер көлемі:** 180 ECTS

**5.Оқу түрі:** күндізгі

**6.Оқу тілі:** қазақ, орыс

**7.Берілетін академиялық дәреже:** «8D04103-Тұрақты қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы, PhD / бейіні бойынша доктор

**8.Білім беру бағдарламасының түрі:** инновациялық.

**9.БЖХС бойынша деңгей (білім берудің халықаралық стандартты жіктемесі) –** 8 деңгей;

**10.ҰБШ бойынша деңгей (ұлттық біліктілік шеңбері) –** 8 деңгей;

**11.СБШ бойынша деңгей (салалық біліктілік шеңбері) –** 8-деңгей.

**12.Білім беру бағдарламасының ерекшелігі:** жоқ

**13.Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі:** 02.04.2019 ж. №036

**14.Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі** жоқ

**15. Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Білім беру бағдарламасының мақсаты тұрақты даму басымдықтарымен ұштастыра отырып, қаржы саласындағы ғылыми-педагогикалық кадрларды іргелі даярлау болып табылады

**16. Білім беру бағдарламасыны бойынша докторантура түлегінің біліктілік сипаттамасы:**

а) Осы білім беру бағдарламасының «8D04103-Тұрақты қаржы» мамандығының түлектері келесі лауазымдарда жұмыс істей алады:

- професcор-оқытушылар құрамының лауазымдары;
- ғылыми қызметкерлер;

-қаржы саласындағы және бизнес-құрылымдардағы басшылар;

- мемлекеттік қаржы секторындағы басшылар.

ә) Кәсіби қызмет саласы:

- жоғары оқу орындары;
- ҒЗИ, ғылыми орталықтар;
- Ұлттық экономика кәсіпорындары мен салалары;
- қаржы-несие жүйесі, бағалы қағаздар нарығы, сақтандыру секторы;
- мемлекеттік басқару және қаржылық бақылау органдары;
- ұлттық компаниялар мен холдингтер;
- халықаралық қаржы ұйымдары мен даму институттары.

Түлектер олардың білім деңгейі мен алған құзыреттері қызметкердің біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда кәсіби қызмет салаларында және (немесе) басқа да салаларда кәсіптік қызметті жүзеге асыра алады.

б) Кәсіби қызметтің түрлері:

- білім беру қызметі;
- зерттеу қызметі;
- жобалық-аналитикалық қызмет;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет.

в) Кәсіби қызметтің функциялары:

- жоғары оқу орындарында қаржы-экономикалық пәндерді оқыту, ғылыми-зерттеу институттарында тұрақты қаржы саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, тұрақты даму критерийлеріне сәйкес ESG-инвестициялау, заманауи қаржы технологиялары және қаржы жүйесін жетілдіру;
- экономикалық-математикалық модельдеуді, бағдарламалық сервистерді және жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, ұлттық экономиканы дамытудың қаржы-экономикалық көрсеткіштеріне кешенді талдау жүргізу және болжау;
- эндогендік және экзогендік факторлардың әсерін, жалпыұлттық басымдықтар мен ТДМ-ға қол жеткізу қажеттілігін ескере отырып, қаржы саласында ғылыми негізделген шешімдер қабылдау;
- қаржы саласындағы инновациялық технологиялар мен жобаларды, қаржы секторы мен мемлекеттік қаржыны жетілдіру жөніндегі ұйымдастыру-басқару шараларының кешенін әзірлеу және енгізу.

## 17. Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

| Құзыреттілі түрлері | Оқу нәтижесінің коды | Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша) |
|---|---|---|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills) | ОН 1 | Ғылыми мәтіндерді шет тілінде жаза алады, ғылыми жұмыстардың құрылымдық бөліктерін қалыптастырады. |
| | ОН 2 | Ғылыми-зерттеу жұмысының әдістерін қолданады, қаржы саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне талдау жасайды, оларды зерттеу міндеттерін шешуде қолданады. Ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыру, заманауи бағдарламалық құралдар мен ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын көрсетеді. |
| | ОН 3 | Білім алушылардың ғылыми-зерттеу, эксперименттік және жобалық қызметін ұйымдастырады. |
| 2. Цифрлық құзыреттер (Digital skills) | ОН 4 | Қаржы секторының дәстүрлі тәуекелдерін басқару жүйесінде ESG-тәуекелдерін іске асыруға және сәйкестендіруге байланысты мәселелер кешенін шешеді |
| | ОН 5 | Жасанды интеллект технологиясын қолдану негізінде компаниялардың қаржылық жағдайы, қор нарығының даму үрдістері, инвестициялық портфельді қалыптастырады, қаржы-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруін болжайды. Үлкен деректерді талдау негізінде тұжырымдар мен ұсыныстарды қалыптастырады, қаржылық процестерге әсер ететін факторларды анықтайды. |
| 3.Кәсіби құзыреттер (hard skills) | ОН 6 | Тұрақты даму мақсаттарын ескере отырып, мемлекеттің заманауи қаржы саясатының басымдықтарын тұжырымдайды. Мемлекеттік қаржыны қалыптастыру мен пайдалану және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету тәсілдерін бағалайды. Тұрақты өсу стандарттары жағдайында фискалдық және ақша-несие саясатының тиімділігін арттыру бойынша шешімдерді негіздейді. |
| | ОН 7 | Тұрақты қаржыландыру стратегияларын және құралдарын пайдаланады, олардың өтімділігін және табыстылығын анықтауды біледі. Жасыл қаржы құралдарын шығару және тексеру үшін ақпаратты жинау және өңдеу бойынша тәжірибелік дағдыларды қолданады. Тұрақты қаржы саласын реттеу және ESG-инвестициялауды кеңейту бойынша оң шетелдік тәжірибе бейімдейді. |
| | ОН 8 | Бизнесті қаржыландырудың оңтайлы инвестициялық стратегиялары мен сызбаларын қалыптастыру және қаржы ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қаржы инжинирингі технологияларын қолданады |

## 18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

| Оқыту нәтижесінің коды | Модуль атауы | Пәндердің атауы | Көлемі (ECTS) |
|---|---|---|---|
| ОН 1 | Зерттеудің әдіснамалық негіздері | Академиялық хат (ағылшын тілінде) | 5 |
| ОН 2 | | Ғылыми зерттеу әдістері | 5 |
| ОН 3 | | Педагогикалық практика | 10 |
| ОН 6 | Тұрақты қаржының тұжырымдамалық негіздері | Мемлекеттің қаржылық саясаты және тұрақты даму стратегиялары | 5 |
| ОН 2, ОН 6 | | Зерттеу практикасы | 10 |
| ОН 7 | ESG-трансформация контекстіндегі қаржы секторын дамытудың мегатрендтері | Тұрақты қаржыландыру құралдары | 5 |
| ОН 4 | | ESG-қаржы секторындағы тәуекелдер | 5 |
| ОН 8 | | Қаржылық инженеринг | 5 |
| ОН 5 | | Қаржы саласындағы AI технологиялары | 5 |
| ОН 2, ОН 5, ОН 6, ОН 7 | Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы | Тағылымдамадан өту және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докоранттың ғылыми-зерттеу жұмысы | 123 |
| | Қорытынды аттестаттау | Докторлық диссертацияны жазу және қорғау | 12 |

## 19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

| NN п/п | Пәндердің атауы | Пәннің қысқаша сипаттамасы | Кредиттер саны | Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ОН1 | ОН2 | ОН3 | ОН4 | ОН5 | ОН6 | ОН7 | ОН8 |
| D1 | Академиялық хат (ағылшын тілінде) | Пән аналитикалық ғылыми-зерттеу және мәтіндік қызметпен байланысты құзыреттерді; аналитикалық-синтетикалық, сыни және прагматикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пәнді оқу барысында ғылыми мәтіндерді жазудың түрлері, әдістемесі мен этикалық принциптері, ғылыми мәтінді құру және оны жариялауға дайындау принциптері, библиографиялық тізімді рәсімдеу, ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасаудың негізгі ережелері, аннотация түрлері және оларды құрастыру ерекшеліктері, ғылыми мәтінді рецензиялау қарастырылады. | 5 | + | | | | | | | |
| D2 | Ғылыми зерттеу әдістері | Пән докторанттарда дербес ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру; диссертациялық зерттеуде қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін ғылыми зерттеу әдістерін қолдану; өзінің диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша эмпирикалық деректерді өңдеу әдістерін қолдану мақсатында зерделенеді. | 5 | | + | | | | | | |
| D3 | Педагогикалық практика | Педагогикалық практиканың мақсаты докторанттың кәсіби педагогикалық құзыреттілігін дамыту, ЖОО-дағы педагогикалық қызметтің нақты жағдайларымен танысу және теориялық білімді практикада бекіту, педагогикалық шеберліктің негіздерін, білім беру инновацияларын қолдана отырып оқу-тәрбие процесін жобалау дағдыларын игеру болып табылады. | 10 | | | + | | | | | |
| Базалық пәндер циклі<br>Таңдау компоненті | | | | | | | | | | | |
| D4 | Тұрақты қаржыландыру құралдары | Бұл курс тұрақты қаржы құралдары мен оларды басқару әдістері туралы терең білімді дамыту мақсатында оқытылады. Пән жауапты инвестициялау, "жасыл" Пән жауапты инвестиция, жасыл облигацияларды шығару және тексеру, жасыл несиелеу, тұрақты қаржыны стандарттау саласындағы мәселелердің кең ауқымын қамтиды | 5 | | | | | | | + | |
| | ESG-қаржы секторындағы тәуекелдер | Қаржы ұйымдарының қызметінде ESG-тәуекелдерді бағалау, болжау және төмендету бойынша білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Курс тәуекелдердің сандық және сапалық критерийлерін, ESG-тәуекелдерін қаржы секторындағы тәуекелдерді басқарудың дәстүрлі жүйелеріне интеграциялау тәжірибесін зерттеуге арналған. | 5 | | | | + | | | | |
| Бейіндік пәндер циклы | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖОО компоненті | | | | | | | | | | | |
| D5 | Мемлекеттің қаржылық саясаты және тұрақты даму стратегиялары | Пән тұрақты даму тұжырымдамасымен өзара байланыста мемлекеттің қаржы саясатын жүйелі түсінуді қалыптастырады. Пәнді оқытудың мақсаты ESG-стандарттар бағытында қаржы жүйесін трансформациялау бойынша білім алу, тұрақты қаржыны реттеу және ынталандыру әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастыру. | 5 | | | | | | + | | |
| D6 | Зерттеу практикасы | Зерттеу практикасының мақсаты - тұрақты қаржы саласындағы жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерді зерделеу, диссертациялық зерттеулер шеңберінде эксперименттік жұмыс, ақпаратты өңдеу және түсіндіру дағдыларын бекіту. | 10 | | + | | | | + | | |
| Бейіндік пәндер циклы<br>Таңдау компоненті | | | | | | | | | | | |
| D7 | Қаржылық инженерия | Пәннің мақсаты - алдын-ала белгіленген параметрлері бар күрделі қаржы құралдары мен құрылымдық өнімдерді құру бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру. Пән сонымен қатар қаржылық активтерді талдау әдістерін, корпорацияларды қаржыландырудың оңтайлы көздерін табуды, секьюритилендіру және хеджирлеу стратегияларын зерттеуді қамтиды. | 5 | | | | | | | | + |
| | Қаржы саласындағы AI технологиялар | Курс қаржылық ақпаратты өңдеу мен талдауда интеллектуалды ақпараттық жүйелерді қолдануға, қаржылық процестер мен жүйелерді модельдеуге бағытталған. Курс деректерді өңдеуге және машиналық оқытуға негізделген қаржылық интеллектуалды технологиялардың мүмкіндіктері туралы түсінік береді (интеллектуалды несиелік қызметтер, интеллектуалды сақтандыру қызметтері және т. б.) | 5 | | | | | + | | | |
| Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы | | | | | | | | | | | |
| | Тағылымдамадан өту және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы | Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты-кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ғылыми–зерттеу қызметінің білім деңгейін, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру және докторлық диссертацияны қорғауға дайындау. Дербес ғылыми зерттеу жүргізуді, шетелдік ғылыми тағылымдаманы, ғылыми жарияланымдар дайындауды, докторлық диссертацияны орындауды қамтиды. | 123 | | + | | | + | + | + | |

## 20. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

| Оқыту нәтижесінің коды | Модуль атауы | Пәндер атауы | Көлемі (ECTS) |
|---|---|---|---|
| ОН 1 | Ғылыми мәтіндерді шет тілінде жаза алады, ғылыми жұмыстардың құрылымдық бөліктерін қалыптастырады. | Интерактивті дәріс, пікірталас, дөңгелек үстел, презентация, ой-талқы | Ауызша сауалнама, коллоквиум, эссе |
| ОН 2 | Ғылыми-зерттеу жұмысының әдістерін қолданады, қаржы саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне талдау жасайды, оларды зерттеу міндеттерін шешуде қолданады. Ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыру, заманауи бағдарламалық құралдар мен ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын көрсетеді. | Кейс-әдістер, пікірталас, презентация, мәселелік дәріс, жобалық оқыту | Тестілеу, коллоквиум, жоба бойынша жұмыс |
| ОН 3 | Білім алушылардың ғылыми-зерттеу, эксперименттік және жобалық қызметін ұйымдастырады. | Практикалық тапсырмалар | Есеп беру |
| ОН 4 | Қаржы секторының дәстүрлі тәуекелдерін басқару жүйесінде ESG-тәуекелдерін іске асыруға және сәйкестендіруге байланысты мәселелер кешенін шешеді | Кейс-әдістер, презентация, талқылау, АТ-ны қолданатын практикалық тапсырмалар | Тестілеу, ауызша сауалнама, портфолио |
| ОН 5 | Жасанды интеллект технологиясын қолдану негізінде компаниялардың қаржылық жағдайы, қор нарығының даму үрдістері, инвестициялық портфельді қалыптастырады, қаржы-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруін болжайды. Үлкен деректерді талдау негізінде тұжырымдар мен ұсыныстарды қалыптастырады, қаржылық процестерге әсер ететін факторларды анықтайды. | Интерактивті дәріс, пікірталас, дөңгелек үстел, ЖИ көмегімен практикалық тапсырмалар | Тестілеу, ауызша сауалнама аналитикалық шолу |
| ОН 6 | Тұрақты даму мақсаттарын ескере отырып, мемлекеттің заманауи қаржы саясатының басымдықтарын тұжырымдайды. Мемлекеттік қаржыны қалыптастыру мен пайдалану және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету тәсілдерін бағалайды. Тұрақты өсу стандарттары жағдайында фискалдық және ақша-несие саясатының тиімділігін арттыру бойынша шешімдерді негіздейді. | Интерактивті дәріс, мәселелік дәріс | Тестілеу, ауызша сауалнама, эссе |
| ОН 7 | Тұрақты қаржыландыру стратегияларын және құралдарын пайдаланады, олардың өтімділігін және табыстылығын анықтауды біледі. Жасыл қаржы құралдарын шығару және тексеру үшін ақпаратты жинау және өңдеу бойынша тәжірибелік дағдыларды қолданады. Тұрақты қаржы саласын реттеу және ESG-инвестициялауды кеңейту бойынша оң шетелдік тәжірибе бейімдейді. | Интерактивті дәріс, кейстерді шешу жобалық оқыту, төңкерілген сынып (Flipped Class) | Коллоквиум, жобаны дайындау, тестілеу |
| ОН 8 | Бизнесті қаржыландырудың оңтайлы инвестициялық стратегиялары мен сызбаларын қалыптастыру және қаржы ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қаржы инжинирингі технологияларын колданады | Интерактивті дәріс, мәселелік дәріс | Тестілеу, ауызша сауалнама коллоквиум, эссе |

## 21. Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

| ОН кодтары | Критерийлер |
|---|---|
| ОН 1 | **Біледі:**<br>ғылыми мәтіндерді жазу әдістері, ғылыми зерттеу жүргізудің этикалық мәселелерін. |
| | **Істей алады:**<br>ғылыми көзқарастарды өңдеу және түсіндіру, қаржы саласындағы ғылыми мәселелерді талқылауды біледі; оқиғаларды суреттеуді, фактілерді көрсетуді; ғылыми мәтіндер жазу, оның ішінде шет тілінде, ғылыми коммуникациялар құруды. |
| | **Меңгерген:**<br>ғылыми мақалаларды баспаға дайындау дағдылары, тұрақты қаржы саласындағы жаңа идеяларды тудыру, коммуникативті дағдыларды. |
| ОН 2 | **Біледі:**<br>ғылыми-зерттеу жұмысының әдістерін, құрылымы және негізгі кезеңдерін, қаржы саласындағы зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу негіздерін. |
| | **Істей алады:**<br>ғылыми және қолданбалы зерттеулердің қорытындыларын дәлелдеуге, макроэкономикалық және қаржылық көрсеткіштерге, орнықты даму критерийлеріне талдау және болжау жүргізуге, ұсынымдар мен ұсыныстарды қалыптастыруға. |
| | **Меңгерген:**<br>ғылыми зерттеуді өз бетінше жүзеге асыру, зерттеулер мен талдаудың қажетті нәтижелерін іздеу және пайдалану, заманауи аналитикалық құралдар мен бағдарламалық құралдарды пайдалану дағдыларын. |
| ОН 3 | **Біледі:**<br>білім беру процесінің мазмұнын, ЖОО-да оқыту әдістемесін, ғылыми-педагогикалық қызметті реттейтін нормативтік құжаттарды. |
| | **Істей алады:**<br>ғылыми-зерттеу, жобалау және оқу-кәсіптік қызметті ұйымдастыруға, білім беру үрдісінің нәтижелерін анықтау және тұжырымдауға, оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеуге. |
| | **Меңгерген:**<br>педагогикалық әдістерін, оқу үрдісін жобалау дағдыларын, инновациялық білім беру технологияларын қолдануды. |
| ОН 4 | **Біледі:**<br>-тәуекелдерді басқарудың классификация мен әдістерін, олардың әлеуметтік-экономикалық үрдістерге және қаржы жүйесіне әсерін; ESG-тәуекелдердің ерекшеліктерін. |
| | **Істей алады:**<br>инвестициялық және қаржылық шешімдер қабылдау үшін нарықтық және ерекше тәуекелдерді, оның ішінде арнайы бағдарламалық кешендер мен бұлттық сервистерді пайдалана отырып бағалауды жүргізуге. |
| | **Меңгерген:**<br>қаржылық тәуекелдерді сәйкестендіру және басқару дағдыларын; тәуекелдерге төмендету шараларын әзірлеуді. |
| ОН 5 | **Біледі:**<br>цифрлық технологиялардың негіздерін және ЖИ, қаржы саласында AI пайдаланудың артықшылықтарын, ЖИ модульдерінің |

| | |
|---|---|
| | функционалы және бағдарламалық сервистермен интеграциялау мүмкіндіктерін, ЖИ этикасының қағидаттарын. |
| | **Істей алады:**<br>ірі деректерді талдауға, қаржы нарығындағы тәуекелдерді анықтау және өзгерістерді болжауға, несиелік процесінде, корпоративтік қаржы құрылымын оңтайландыру кезінде де ЖИ қолдануға. |
| | **Меңгерген:**<br>қаржы саласында шешім қабылдау үшін тиісті ЖИ технологиясын таңдауды, AI тәуекелдері мен қауіптерін бағалауға сыни көзқарасты, ЖИ қолдану негізінде қаржылық өнімдерді талдау. |
| **ОН 6** | **Біледі:**<br>қаржы саясатының тұжырымдамалық аппаратын, тұрақты дамудың мақсаттары мен қағидаттарын, қаржы және тұрақты даму саласындағы стратегиялық мемлекеттік құжаттар мен реттеуші нормаларын. |
| | **Істей алады:**<br>мемлекеттің қаржы саясатын және қаржы тетігін жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеу үрдісінде тұрақты және әлеуметтік жауапты қаржыландыру жөніндегі басымдықтар туралы білімді қолдануға. |
| | **Меңгерген:**<br>ақша-несие және салықтық-бюджет саясатының тиімділігін бағалауды, тұрақты өсу және қаржылық тұрақтылық стандарттарын ескере отырып қаржы ресурстарын қалыптастыру және пайдалану дағдыларын. |
| **ОН 7** | **Біледі:**<br>тұрақты қаржыландыру құралдарының мәнін, жіктелуін және ерекшелігні, институционалдық аспектілерін, тұрақты облигациялар мен несиелердің стандарттары мен принциптерін, ICMA облигациялық эмиссия модельдерін, "жасыл" қаржыландыру ережелері мен таксономиясын. |
| | **Істей алады:**<br>тұрақты қаржы құралдарын бағалау, қаржылық және қаржылық емес есептілікті біліктілік талаптарына және GBP сәйкестігіне талдау әдістерін, "жасыл" облигацияларды верификациялау және сертификаттау әдіснамасын қолдануды. |
| | **Меңгерген:**<br>талдау нәтижелерін интерпретациялауды және тұрақты қаржы құралдарын шығару, айналымы және инвестициялау жөніндегі шешімдерді әзірлеу дағдыларын. |
| **ОН 8** | **Біледі:**<br>қаржы инжинирингінің мақсаты мен міндеттерін, инновациялық қаржы технологияларын енгізудің қазіргі тенденцияларын, белгісіздік жағдайында қаржы активтерін қалыптастыру және пайдалану мәселелерін. |
| | **Істей алады:**<br>тәуекелдерден қорғау және инвестициялық қоржындардың кірістілігін арттыру мақсатында күрделі қаржы құралдары мен құрылымдық өнімдерді құрастыруға; инвестициялық стратегиялардың артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалауға, инновациялық қаржы өнімдеріне кешенді талдау жүргізуге. |
| | **Меңгерген:**<br>қаржы инжинирингінің заманауи технологияларын, қаржы активтері мен инвестициялық жобаларды талдау дағдыларын, секьюритилендіру және хеджирлеу әдістерін. |

## 22. Түлек атрибуттары

- өз саласында терең кәсіби білім;
- білім және ғылым саласындағы заманауи трендтерді игеруге қызығушылық;
- кәсіби, педагогикалық және ғылыми қоғамдастықта ынтымақтастық қабілеті;
- кәсіби және жеке даму мүмкіндіктерін іздеудегі дербестік;
- қарым-қатынас;
- толеранттылық және тәрбие;
- академиялық адалдық;
- Қазақстанның тұрақты даму мақсаттарын ескере отырып, қаржы саясатын жетілдіру үдерісіне қатысуға дайын болу.

## 23. Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі

| Құзыреттілік түрлері | Құзыреттердің сипаттамасы |
|---|---|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Soft skills) | Ғылыми сынақтармен жұмыс істеу әдістерін қолданады, ғылыми мақалалар, баяндамалар жазады, ғылыми зерттеулерді түсіндіреді, оның ішінде шет тілінде.<br>Ғылыми-зерттеу жұмысының әдістерін қолданады, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдайды және оларды нақты зерттеу міндеттерін шешуде қолданады.<br>ЖОО-да ғылыми-педагогикалық қызметті жүзеге асыруға қабілетті. Оңтайлы педагогикалық әдістер мен инновациялық білім беру технологияларын қолданады. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу, жобалау және оқу-кәсіптік қызметін ұйымдастырады. |
| 2. Сандық құзыреттер (digital skills) | Тәуекелдерді іске асырумен байланысты мәселелерді шеше алады, тәуекелдерді сәйкестендіру критерийлерін қолданады, тәуекелдер деңгейін, ақпараттық технологиялар негізінде қаржылық тәуекелдерді басқарудың әртүрлі әдістерінің тиімділігін бағалайды.<br>Қаржы саласында жасанды интеллект технологияларын қолданады. Қаржылық үрдістерді және жобалық қызметте бұлтты және интеллектуалды қызметтерді қолдана алады. Қаржылық деректерді талдау кезінде IT қолданады, қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруін және өзара байланысын болжайды. |
| 3. Кәсіби құзыреттер (Hardskills) | Компаниялардың және мемлекеттік құрылымдардың қаржы ұйымдары мен қаржы бөлімшелерінің қызметін басқаруға қабілетті.<br>Мемлекеттің қаржы саясатындағы заманауи трендтер мен мәселелерді, тұрақты дамудың басымдықтарын, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қаржыны қалыптастыру және пайдалану үрдістерін біледі.<br>Оңтайлы қаржылық технологиялар мен тұрақты қаржыландыру құралдарын қолданады. Тұрақты қаржы және ESG-инвестициялау саласындағы оң шетелдік тәжірибені бейімдеуге қабілетті.<br>Қаржылық инжиниринг, секьюритилендіру және хеджирлеу технологиясын пайдалана отырып, активтерді тәуекелдерден қорғау дағдыларын меңгерген |

| | |
|---|---|
| | Зерттеудің мақсаттарын, міндеттерін, мәселелері мен гипотезасын тұжырымдай алады, ҒЗЖ жоспарлауды жүзеге асырады. Эксперименттік жұмыстың нәтижелерін негіздейді, ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар қалыптастырады. |

**Құрастырғандар:**
«Қаржы» кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., профессор — Е.Т. Ақбаев

Э.ғ.к., профессор — Г.М. Калкабаева

Э.ғ.к., доцент — О.А. Тян

Э.ғ.к., профессор — А.К. Курманалина

Жұмыс беруші,
«Банк ЦентрКредит» АҚ филиалы
директорының шағын және орта бизнес жөніндегі орынбасары — Р.К. Дюсенов

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесі отырысында қарастырылды «10» 04 2024 ж. Хаттама № 9
Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық кеңесі отырысында қарастырылды «29» 04 2024 ж. Хаттама № 5
Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді «24» 05 2024 ж. Хаттама № 8

**Басқарма мүшесі академиялық мәселелер бойынша проректор** — **М.М.Умуркулова**

**Академиялық жұмыс Департаментінің директоры** — **Т.М. Хасенова**

**Экономика факультетінің деканы** — **А.Н.Ламбекова**

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ
## 8D04103 - «Тұрақты қаржы»

**Жоспардың мақсаты –** еңбек нарығының қазіргі талаптарын және заманауи ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру үшін жағдайдың сапасын арттыруға үлес қосу.

**Мақсатты индикаторлар**

| № | Индикаторлар | Бірлік өзгерту | 2024-2025 (ақиқат) | 2025-2026 (жоспар) | 2026-2027 (жоспар) | 2027-2028 (жоспар) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Кадрлық әлеуетті дамыту** | | | | | |
| 1.1 | Ғылыми дәрежелері бар оқытушылар санының өсуі | Адамдар саны | - | - | - | 1 |
| 1.2 | Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру | Адамдар саны | 2 | 2 | 2 | 2 |
| 1.3 | Оқытуға практик-мамандарды тарту | Адамдар саны | - | - | - | - |
| **2** | **Рейтингтерде ББ жылжыту** | | | | | |
| 2.1 | НАОКО | Позиция | - | - | - | 5 |
| 2.2 | НААР | Позиция | - | - | - | 4 |
| **3.** | **Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу** | | | | | |
| 3.1 | Оқулықтар | Саны | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 3.2 | Оқу құралдары | Саны | - | 1 | 1 | 1 |
| 3.3 | Әдістемелік ұсынымдар/нұсқау | Саны | - | 2 | 2 | 2 |
| 3.4 | Электрондық оқулық | Саны | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 3.5 | Видео/аудиолекциялар | Саны | 2 | 1 | 2 | 1 |
| **4.** | **Оқу және зертханалық базаны дамыту** | | | | | |
| 4.1 | Бағдарламалық өнімдерді сатып алу | Саны | - | - | 1 | - |
| 4.2 | Жабдықты сатып алу | Саны | - | 1 | 1 | - |
| **5.** | **ББ мазмұнын өзектендіру** | | | | | |
| 5.1 | Еңбек нарығының талаптарын, ғылыми жетістіктерін, кәсіби стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелері мен пәндер тізбесін жаңарту | жылы | - | + | - | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5.2 | Шет тілдерінде оқу пәндерін ББ енгізу | | - | - | + | + |
| 5.3 | Оқытудың жаңа әдістерін енгізу | жылы | + | + | + | + |

**«Қаржы»кафедрасының меңгерушісі** **А.Б. Мыржықбаева**